

Павлодар қалалық Әділет басқармасы
2008 ж. « 19 » 12
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 04114 0004570
Алғашқы тіркелген күні 2004 ж. « 04 » 11

Павлодар қалалық Әділет басқармасы
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА
ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ
2012 ж. « 08 » 08 № 910 бұйрық

Павлодар қалалық Әділет басқармасы
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА
ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ
2017 ж. « 14 » 04 № 978 бұйрық

Павлодар облысы
Қаржы басқармасының

2017 жылғы _____ № _____
бұйрығымен
бекітілді

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат» кешені» мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мекеме) гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық оқу бағдарламаларын меңгеру кезінде қабілеттердің жоғары деңгейін немесе ерекше дарындылықты көрсететін балаларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме еңбек депутаттарының Павлодар облыстық Депутат кеңесі Атқарушы комитетінің 1959 жылғы 25 мамырдағы «Музыкалық училище ашу туралы» № 191-р өкімімен құрылды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

5. Павлодар облысының білім беру басқармасы Мемлекеттік мекеменің басқаруын жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі толық атауы: «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік мекеменің орыс тіліндегі толық атауы: государственное учреждение «Комплекс «Музыкальный колледж – музыкальная школа-интернат для одаренных детей».

7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 67-үй.

2. Мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.



9. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жергілікті атқарушы орган облыстық бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаты

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні арнайы және музыкалық-теориялық пәндерді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын сондай-ақ, оқушыларға арналған техникалық және кәсіптік, орта және қосымша білім беру оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

14. Оған ғана тән ерекше қабілеттерін есепке ала отырып, әр оқушының жеке қабілеттерін дамыту, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін арнайы жағдайлар жасау, сондай-ақ, гуманитарлық мамандықтар бойынша қызмет көрсету және басқару еңбегінің кіші мамандарын дайындау Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты болып табылады.

15. Мақсатқа қол жеткізу үшін Мемлекеттік мекеме қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) оқушылардың оқуға және өздігінен білім алуға орнықты уәжін дамыту;
- 2) оқушылардың арнайы шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту;
- 3) оқушылардың табиғи зияткерлік қабілеттерін жан-жақты дамыту;
- 4) ғылым негіздерін терең және жан-жақты зерделеу негізінде оқушылардың тұрақты дүниетанымын қалыптастыру;
- 5) оқушыларды өздігінен білім алу мен ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларына үйрету, өздігінен жетілуге тұлғаның ішкі қажеттіліктерін қалыптастыру;
- 6) қоршаған ортаға деген гуманистік қатынасты, тұлға адамгершілік негізін қалыптастыру;

7) әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, эксперименттік, сондай-ақ шығармашылық жұмыстар мен зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және оқу-тәрбие үдерісіне енгізу;

8) оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні болып табылады.

16. Мемлекеттік мекемеге Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

17. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікті иелік етуге уәкілетті жергілікті атқарушы органының, Басқару органының, атқарушы органының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

18. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. Мемлекеттік мекемеде іске асырылатын білім беру оқу бағдарламалары

19. Мемлекеттік мекемеде мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін және қосымша білім беру бағдарламалары іске асырылады.


20. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына білім берудің келесі деңгейлері кіреді:

1) бастауыш саты (1 – 4-сыныптар) – оқушының жеке қабілеттерін ашуға, қызметтердің негізгі салаларында бастапқы бағдарға үйретуге, оқудың жағымды уәждері негізінде шығармашылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыруға, балалардың психикалық дене күшін дамыту үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін дамыта оқыту;

2) негізгі саты (5 – 9-сыныптар) – күрделенген танымдық үдерістерге өтуге арнайы икем және дағдыны қалыптастыратын, оқушыларға оқытудың жеке бағдарламасын таңдауға мүмкіндіктер беретін, білімнің тиісті саласына ерте бастан бейімдеуді жүзеге асыратын, ғылым негіздерін меңгеру және тұлғааралық пен этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған базалық білім беру;

3) жоғары саты (колледждің 1 – 4 курстары) – оқушыларды мектеп бағытына сай жеке пәндер бойынша күрделі деңгейде оқыту, бағдарлы пәндер бойынша қосымша курстарды оқыту, жеке және саралап оқыту негізінде өздігінен шығармашылық және ғылыми-зерттеу жұмысы үшін дағдыларды қалыптастыру және дамыту.

21. Мемлекеттік мекемедегі білім беру үдерісі «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы әзірлеген мамандандырылған мектептер үшін оқу



бағдарламаларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген Мемлекеттік мекеменің педагогикалық қызметкерлерінің авторлық бағдарламаларына, жоғары оқу орындары ғылыми басшылары мен педагогикалық қызметкерлерінің рецензияларына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Мемлекеттік мекеме оқушылардың сұранысы мен кадр әлеуетінің мүмкіндіктеріне сәйкес ішкі бейіндік пәндердің, сонымен бірге қолданбалы курстар мен факультативтердің білім аумағын белгілейді.

23. Мемлекеттік мекеме толық күн режимінде сыныптарды қосымша бөлу, икемді вариативті кесте құру, деңгейге бөлу, кеңес беру және таңдау бойынша пәндер жүйесі арқылы жалпы орта білім беретін деңгейде бейіндік саралауды жүзеге асырады.

24. Мемлекеттік мекемеде іске асырылатын техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды дайындау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыруды қамтамасыз етеді.

Білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны техникалық және кәсіптік білім берудің интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын жоғры оқу орындарының 1-2 курстарының білім беретін оқу бағдарламаларымен қоса зерделеуді көздейді.

Оқытудың толық курсын аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін білім алушыларға орта буын маманы біліктілігі беріледі.

25. Мемлекеттік мекемеде іске асырылатын орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары қарастырады:

1) жалпы гуманитарлық, экономикалық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, интеграцияланған техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларымен қатар жоғары оқу орындарының 1-2 курс бағдарламаларын зерделеу;

2) оқытудың толық курсын аяқтағаннан кейін білім алушыларға орта буын маманы біліктілігі беріледі.

Орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен анықталады.

26. Мемлекеттік мекеме оқытудың нысаны, құралы мен әдісін өздігінен таңдайды.

5. Оқыту мен тәрбиелеудің білім беру үдерісін (оның ішінде тілді, тілдерді) ұйымдастыру тәртібі, білім алушылардың сабақ режимі

27. Мемлекеттік мекемеде оқыту күндізгі нысан бойынша жүзеге асырылады.

28. Мемлекеттік мекеме қолда бар мүмкіндіктерді негізге ала отырып, оқушылардың сұраныстарына сәйкес оқыту тілін өзі белгілейді, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілін және шетел тілінің бірін оқытуды қамтамасыз етеді.

29. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқу-тәрбие үдерісін өздігінен ұйымдастырады.

30. Мемлекеттік мекемеде оқу мен тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және практикалық оқытуды есепке алу журналы мен оқу сағаттары бойынша оқу бағдарламаларының орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

31. Мемлекеттік мекемеде нақты кәсіп бойынша іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұны, оларды игеру мерзімі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен анықталады.

6. Мемлекеттік мекемеде оқушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оны өткізудің нысандары мен тәртібі

32. Оқушылардың білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында Мемлекеттік мекемеде оқушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау (академиялық концерт) жүзеге асырылады.


33. Мемлекеттік мекеме оқушыларының үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім беру саласындағы орталық атқарушы органмен бекітілген тәртіпте жүзеге асырады.

34. Оқушылардың ағымдағы бақылауын және аралық аттестаттауын жүзеге асыру нысандары мен тәртібін Мемлекеттік мекеме белгілейді.

35. Мемлекеттік мекемеде оқу сабақтарының келесі түрлері қолданылады: сабақ, дәріс, семинар, тәжірибелік сабақ, зертханалық жұмыс, бақылау жұмысы, өздік жұмысы, консультация, тәжірибе. Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін ұзақтығы 45 минут белгіленген, қажеттілігіне қарай 5-10 минут үзіліс жасау арқылы біріктірілген сабақ жүргізуге рұқсат беріледі.

36. Мемлекеттік мекеме оқушыларының білім, білік және дағды сапасы балдармен бағаланады: 5 (үздік), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз). Оқушылардың жалпы білім, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, топтардың жалпы кәсіби (колледжде), жалпы теориялық (музыкалық мектеп-интернатта), арнайы пәндер бойынша білім, білік және дағды сапасын тікелей тексеру ауызша сұрау, тапсырма бойынша жұмыстарды орындау, жалпы бақылау және тексеру жұмыстарын жүргізу, дәптерлерді, конспектілерді, бақылау жұмыстарын, үй жұмыстарының орындалуын мерзімді тексеру, техникалық сынақтар, академиялық концерттер, тыңдау және емтихандар нысанында практикалық мазмұндағы арнайы пәндер арқылы жүргізіледі.

37. Мемлекеттік мекемеде білім алушылардың қорытынды аттестаттауын құрамын Мемлекеттік мекеменің басшысы бекіткен комиссия өткізеді.



38. Мемлекеттік мекемеде білім алушылармен оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу үшін оқу топтары құрылады. Оқу жоспарына сәйкес оқу топтары топшаларға бөлінуі мүмкін.

39. Кәсіптік тәжірибенің түрлері, мерзімі және мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен анықталады.

40. Мемлекеттік мекемеде білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру оқушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады.

41. Мемлекеттік мекемеде оқушылардың қорытынды аттестаттауына мыналар:

- 1) оқушылардың теориялық білімдерінің;
- 2) кәсіби даярлығының деңгейін тексеру және біліктілік беру кіреді.

42. Мемлекеттік мекеме кәмелетке жасы толмаған оқушылардың ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне олардың үлгерімімен, сондай-ақ оқу мен тәрбие үдерісінің мазмұнымен және барысымен танысуға мүмкіндіктер қамтамасыз етеді.

7. Мемлекеттік мекемеге оқушыларды қабылдау және одан оқытып шығару тәртібі

43. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін Мемлекеттік мекемеге қабылдау музыкалық дарындылығын анықтайтын конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырылады.

44. Мына жағдайларда:


- 1) академиялық үлгермеушілік, жоғары күрделенген бағдарламалар бойынша үлгерімі төмен болған жағдайда педагогикалық кеңес шешімімен;
- 2) оқушы ата-анасының немесе басқа заңды өкілдерінің тілегі бойынша;
- 3) оқу сабақтарының жеңілдетілген режимінің немесе үйде отырып оқудың қажеттілігі туралы медициналық қорытынды негізінде оқушылар Мемлекеттік мекемеден мамандандырылған жаппы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша шығарылуы мүмкін.

45. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім алған Мемлекеттік мекеменің түлектеріне орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі аттестат беріледі.

46. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін Мемлекеттік мекемеге қабылдау азаматтардың өтініші бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Соңғы үш жылда орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстардың жеңімпаздары олар таңдаған мамандықтары сәйкес келген жағдайда, сондай-ақ, «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалардың конкурс өткенде мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқушылар құрамына қабылдануға басымдылықтары бар.

Негізгі орта білімі бар, Мемлекеттік мекеме құрамына кіретін музыка мектеп-интернатының түлегі болып табылатын тұлғалардың бітіру емтихандарының нәтижелері мамандығы, сольфеджио және музыкалық



сауаттылық, қазақ және орыс тілі (диктант) пәндері бойынша мамандығы сәйкес болған жағдайда музыка колледжінің түсу емтихандарына теңестіріледі.

47. Басқа оқу орнына оқушыларды ауыстыру және Мемлекеттік мекемеде оқыту үшін қайта алу білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен тәртіпте жүзеге асырылады.

48. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу бағдарламалары бойынша білім алушылар мына жағдайда:

- 1) өз қалауы бойынша;
- 2) дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының анықтама-қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша;
- 3) басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- 4) академиялық үлгермеушілік және дәлелсіз себептермен сабақ босатқаны үшін;
- 5) Осы Жарғыда қарастырылған оқу тәртібін, Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де жағдайларда Мемлекеттік мекемеден шығарылуы мүмкін.

49. Мемлекеттік мекеменің оқушыларына академиялық демалыс беру білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен тәртіп негізінде жүзеге асырылады.

50. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі оқу бағдарламалары бойынша білім алған, мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өткен Мемлекеттік мекеменің түлектеріне білімі мен біліктілігі деңгейінің көрсетілуімен мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

8. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

51. Мемлекеттік мекемеде педагогикалық қызметпен айналысуға арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

52. Мемлекеттік мекеменің педагог қызметкері:

- 1) өзінің кәсіби қызметіне арналған жағдайлармен қамтамасыз етіле отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға;
- 2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 3) Мемлекеттік мекемеден тыс жеке педагогикалық қызметке;
- 4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптары сақталған кезде педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 5) Мемлекеттік мекемені басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 6) бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;
- 7) санатын көтеру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;



8) педагогикалық қызметтегі табыстары үшін моральдық және материалдық көтермеленуге (мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар және атаулы стипендиялар);

9) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына;

10) Мемлекеттік мекеме басшылығының бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға құқылы.

53. Мемлекеттік мекеменің педагог қызметкері:

1) тиісті теориялық пен практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) оқушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

4) оқушылардың өмірлік дағдыларын, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;

5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

7) педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;

8) Мемлекеттік мекеме қызметкерлері, оқушылар мен олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Міндеттері мен педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Педагог қызметкерлердің білім беру процесін саяси іріктеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу ниетімен пайдалануына тыйым салынады.

9. Мемлекеттік мекеме оқушыларының және олардың ата-аналарының құқықтары мен міндеттері (занды өкілдері)

54. Мемлекеттік мекеменің оқушылары:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) Мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары негізінде білім алуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте Мемлекеттік мекемеде ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және құралдармен қамтамасыз етілуге;

- 5) спорт, оқу, акт залдарының, кітапхананың қызметін тегін пайдалануға;
- 6) өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 7) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 8) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

55. Мемлекеттік мекеменің оқушылары:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, Ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, осы Жарғымен қарастырылған басқа да талаптарды орындауға;

2) өздерінің денсаулығын сақтауға, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге;

3) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін және мемлекеттік мекеменің дәстүрлерін құрметтеуге;

4) ұлттық және жаппы азаматтық, рухани құндылықтарды құрметтеуге;

5) Мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;

6) Мемлекеттік мекемеде белгіленген киім үлгісін сақтауға міндетті.

56. Міндеттерді бұзғаны үшін оқушыларға Ішкі тәртіп ережелерімен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

57. Мемлекеттік мекеме оқушыларының ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері:

1) ата-аналар комитеті арқылы Мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;

2) Мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға құқығы бар.

58. Мемлекеттік мекеме оқушыларының ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері:

1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күші қабілеттерінің дамуын, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде Мемлекеттік мекемеге жәрдемдесуге;

3) балалардың Мемлекеттік мекемедегі сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

59. Мемлекеттік мекемеде оқытудың, тәрбиелеу мен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік Мемлекеттік мекеменің басшысына жүктеледі.

10. Ақылы қызметтерді көрсету тәртібі

60. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) көрсетуге құқылы.

Ақылы қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік мекемені басқару

61. Мемлекеттік мекемені жаппы басқаруды Басқару органы жүзеге асырады.

62. Жергілікті атқарушы органның мынадай өкілеттілігі бар:

1) Мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;

3) Мемлекеттік мекемелердің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;

63. Басқару органы заңнамамен белгіленген мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) Мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) белгіленген тәртіпте Мемлекеттік мекемені құру, қайта ұйымдастыру және тарату, оның филиалдары мен өкілдіктерін құру, Мемлекеттік мекеменің Жарғысын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

4) Мемлекеттік мекемені басқару мәселелері бойынша актілерді әзірлейді, оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;

5) Мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

7) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

8) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікті иелік етуге уәкілетті атқарушы органға, Мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

9) жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және жоюды жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте басқа да функцияларды жүзеге асырады.

64. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын басшы Мемлекеттік мекеменің басшысы болып табылады.

65. Басшы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады, оның қызметін басқарады, Басқару органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауап береді.

66. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаттары негізінде әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген құзыретіне сәйкес Мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

67. Мемлекеттік мекеменің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және оған дербес жауап береді.

68. Мемлекеттік мекеме басшысының орынбасарлары мен бас бухгалтер Мемлекеттік мекеменің басшысымен Басқару органының келісімі бойынша қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

69. Мемлекеттік мекеменің басшысы заңнамамен белгіленген тәртіпте:

- 1) Мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етуге;
- 2) Мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда Мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіруге;
- 3) шарттар жасасуға;
- 4) сенімхаттар беруге;
- 5) Мемлекеттік мекеменің тәртібі мен қызметкерлердің іссапарлары, тағылымдамалары, оларды қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және біліктілігін арттырудың басқа түрлері бойынша жоспарларын бекітуге;

6) банк шоттарын ашуға;

7) Мемлекеттік мекеменің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығаруға және нұсқаулар беруге;

8) Мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдауға және жұмыстан босатуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Мемлекеттік мекеме қызметкерлерін ынталандыруды, материалдық көмек көрсетуді және оларға тәртіптік жазалар қолдануды жүзеге асыруға;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқару органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.


70. Мемлекеттік мекемеде басқарудың алқа органдары құрылуы мүмкін: педагогикалық, әдістемелік кеңестер және басқа да нысандар. Мемлекеттік мекеменің алқа органдарының қалыптасу және қызмет тәртібі олардың арасындағы өкілеттілікті шектеу білім беру саласындағы орталық атқарушы органдары бекітетін қызметтің типтік ережелерімен белгіленеді.

12. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

71. Мемлекеттік мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын оның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған жергілікті атқарушы органы берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

72. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.



73. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік мекеменің иелігінде қала береді.

74. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Мемлекеттік мекеменің қызметін жергілікті атқарушы орган бюджеттен қаржыландырады.

75. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

76. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқару органы және басқа да мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

13. Еңбек ұжымы

77. Мемлекеттік мекеменің еңбек ұжымын еңбек шарттарының, сондай-ақ қызметкерлер мен Мемлекеттік мекеменің арасындағы еңбек қатынастарын реттейтін басқа құжаттардың негізінде оның қызметіне өз еңбегімен қатысатын барлық азаматтар құрайды.

14. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

78. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

15. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

79. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті атқарушы органының немесе облыстық коммуналдық мүлікті иелік етуге уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын шешімі бойынша жүргізіледі.

80. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

16. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

81. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

Handwritten signature

82. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Мемлекеттік мекеменің
басшысы



В.П. Денисенко

Утвержден
Приказом управления финансов
Павлодарской области
от _____ 2017 года № _____

УСТАВ
государственного учреждения “Комплекс “Музыкальный
колледж - музыкальная школа-интернат для одаренных детей”

1. Общие положения

1. Государственное учреждение “Комплекс “Музыкальный колледж - музыкальная школа-интернат для одаренных детей” (далее - Государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения, ориентированного на обучение и воспитание детей, проявляющих высокий уровень способностей или особую одаренность в музыке, а также младших специалистов обслуживающего и управленческого труда по гуманитарным специальностям.

2. Вид Государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение создано распоряжением Исполнительного комитета Павлодарского областного Совета депутатов трудящихся от 25 мая 1959 года № 191-р “Об открытии музыкального училища”.


4. Учредителем Государственного учреждения является местный исполнительный орган - акимат Павлодарской области.

5. Органом, осуществляющим управление Государственным учреждением, является управление образования Павлодарской области (далее - Орган управления).

6. Наименование Государственного учреждения на государственном языке: “Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп- интернат” кешені” мемлекеттік мекемесі.

Наименование Государственного учреждения на русском языке: государственное учреждение “Комплекс “Музыкальный колледж - музыкальная школа- интернат для одаренных детей”.

7. Место нахождения Государственного учреждения: Республика Казахстан, Павлодарская область, 140000, город Павлодар, улица Торайгырова, 67.



2. Юридический статус Государственного учреждения

8. Государственное учреждение считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Государственного учреждения.

10. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

11. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности у Государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет местный исполнительный орган средствами областного бюджета.

12. Гражданско-правовые сделки Государственного учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальном подразделении казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

3. Предмет и цель деятельности Государственного учреждения

13. Предметом деятельности Государственного учреждения является реализация специализированных общеобразовательных учебных программ с углубленным изучением специальных и музыкально-теоретических дисциплин, а также учебных программ технического и профессионального, послесреднего и дополнительного образования для обучающихся.

14. Целью деятельности Государственного учреждения является развитие индивидуальных способностей каждого учащегося, создание специфических условий для формирования творческой личности, с учетом особых, присущих только данному индивиду способностей, а также подготовка специалистов среднего звена по основным направлениям общественно-полезной профессиональной деятельности.

15. Для достижения цели Государственное учреждение осуществляет следующие виды деятельности:

1) всестороннее развитие природных интеллектуальных способностей учащихся;

2) выявление и развитие специфических творческих способностей учащихся;

3) развитие устойчивой мотивации учащихся к учению и самообразованию;

4) формирование устойчивого мировоззрения учащихся на основе углубленного и всестороннего изучения основ наук, приобретение основных навыков музыкального мастерства;

5) обучение учащихся навыкам самообразования и научно-исследовательской деятельности, формирование внутренней потребности личности к самосовершенствованию;

6) формирование гуманистического отношения к окружающему миру нравственных основ личности;

7) организация и проведение методических, научно-методических, экспериментальных, творческих работ и исследований, концертно-просветительской деятельности, конкурсов, а также изучение и внедрение передового педагогического опыта в учебно-воспитательный процесс;

8) внедрение и эффективное использование новых технологий обучения.

16. Запрещается осуществление Государственным учреждением деятельности, а также совершение сделок, не отвечающих предмету и цели его деятельности, закрепленным в Уставе.

17. Сделка, совершенная Государственным учреждением в противоречие цели его деятельности, определенно ограниченная законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску местного исполнительного органа, Органа управления, исполнительного органа, финансируемого из местного бюджета, уполномоченного на распоряжение областным коммунальным имуществом, либо прокурора.

18. Действия руководителя Государственного учреждения, направленные на осуществление Государственным учреждением неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

4. Образовательные учебные программы, реализуемые в Государственном учреждении

19. В Государственном учреждении реализуются специализированные общеобразовательные учебные программы, программы технического и профессионального, послесреднего и дополнительного образования.

20. Специализированные общеобразовательные учебные программы включают следующие уровни образования:

1) начальная ступень (1-4 классы) - развивающее обучение, позволяющее раскрыть индивидуальные способности учащегося, научить первичному ориентированию в основных областях деятельности, сформировать начальные навыки творчества на основе положительной мотивации учения, создать условия для психофизического развития детей;

2) основная ступень (5-9 классы) - базовое образование, направленное на освоение основ наук и формирование высокой культуры межличностного и межнационального общения, формирующее специальные умения и навыки для перехода к более сложным познавательным процессам, создающее возможность выбора учащимися индивидуальной программы обучения, осуществляющее раннюю профориентацию в соответствующей области знаний;

3) старшая ступень (1-4 курсы колледжа) - обучение учащихся,



соответствующее уровню подготовки в результате освоения образовательной учебной программы специалиста среднего звена, с получением базовых компетенций, соответствующих уровню квалификации специалиста; профессиональных и специальных компетенций, соответствующих основным видам профессиональной деятельности; формирование и развитие навыков для самостоятельной творческой и научно-исследовательской работы на основе индивидуального и дифференцированного подхода в обучении.

21. Общеобразовательный процесс в Государственном учреждении осуществляется в соответствии с учебными программами для специализированных школ, разработанными Республиканским научно-практическим центром "Дарын", и авторскими программами педагогических работников Государственного учреждения, разработанными на основе государственных общеобязательных стандартов образования, с рецензиями научных руководителей или педагогических работников высших учебных заведений.

22. Государственное учреждение определяет области знаний внутрипрофилирующих предметов, а также прикладных курсов и факультативов в соответствии с запросами учащихся и возможностями кадрового потенциала.

23. Профильная дифференциация на уровне общего среднего образования через систему дополнительного деления классов, гибкого вариативного расписания, уровневого деления, консультаций и предметов по выбору осуществляется Государственным учреждением в режиме полного дня.

24. Реализуемые в Государственном учреждении учебные программы технического и профессионального образования обеспечивают подготовку высококвалифицированных, конкурентоспособных на рынке труда специалистов, их переподготовку и повышение квалификации.

Содержание этих программ предусматривает изучение интегрированных образовательных программ технического и профессионального образования с образовательными программами 1-2 курсов высших учебных заведений.

По завершении полного курса обучения и прохождения итоговой аттестации учащимся присваивается квалификация специалиста среднего звена.

25. Реализуемые в Государственном учреждении профессиональные учебные программы послесреднего образования предусматривают:

1) изучение наряду с общегуманитарными, экономическими, общепрофессиональными и специальными дисциплинами, интегрированных образовательных программ технического и профессионального образования с программами 1-2 курсов высших учебных заведений;

2) по завершении обучения присвоение квалификации специалиста среднего звена.

Срок освоения профессиональных учебных программ послесреднего образования определяется государственными общеобязательными стандартами образования.